



Апталық 1948 жылдың 20 сәуірінен шыға бастады

www.kaznu.kz

## УНИВЕРСИТЕТ ДАМУЫ: ЖОСПАРҒА САЙ

**Кешегі ректорат отырысында экономикалық және өндірістік мәселелер жөніндегі проректор Мақтағали Бектемесов «2013 жылғы даму жоспарының» орындалуы жөнінде есеп берді.**

Проректор қаржылық-өндірістік қызметтің негізгі міндеті – университет дамуын қамтамасыз ету екендігін айтты. Ал тапсырмалар қолда бар ресурстардың тиімділігін арттыру, жаңа нарықты игеру және жаңа табыс көздерін тарту, тиімсіз шығыстарды анықтау болып табылады.

Мақтағали Әбдімәжитұлы, алдымен, табыс құрылымына тоқталды. Оның айтуынша, жалпы табыстың 77%-ы – бюджеттік қаржыландыру, 23%-ы – бюджеттен тыс кірістер. Әрине, бюджеттен тыс табыстың негізгі бөлігін ақылы бөлім студенттері құрайтыны анық. Осы орайда проректор абитуриент тарту мәселесіне ерекше назар аудару қажеттігін тілге тиек етті. Сондай-ақ ол жалпы шығыс көлемін де нақты жіктеп көрсетті. Бүгінде шығыстың 60%-ын еңбекақы төлеу фонды құрап отыр. 2012 жылмен салыстырғанда ол 13%-ға өскен. Себебі негізгі жалақыға үстеме ретінде ОПК құрамына рейтинг нәтижесі бойынша бонус, университеттің құрылымдық бөлімдері басшылары мен қызметкерлеріне 2014 жылдық 1 қаңтарынан бастап еңбекке қатысу коэффициенті қосылуда. Нәтижесінде рейтинг және бонус сомасы еңбекақы төлеу фондының 3%-ын, ал еңбекке қатысу коэффициенті сомасы 2,3%-ын құраған.

Дәстүрге айналған оқуда озат, ғылымда жетістіктері үшін студенттерге тағайындалатын демеушілік шәкірт-ақылардың 2013 жылғы көлемі де аса қомақты. Өткен жылы факультеттерде 15 миллионнан астам көлемде шәкіртақы берілген. Сонымен қатар белгілі студенттер тобына әлеуметтік көмек көрсету де тұрақты іске асуда.

Материалды-техникалық жарақтандыру, атап айтқанда компьютерлік жабдықтар мен оқу зертханаларының құрылғылары, кітапхана қоры толықтырылып қамтамасыз етілген. Сонымен қатар «Керемет» студенттерге қызмет көрсету орталығы, механика-математика, физика-техникалық факультеттерінің ғимараттары, фундаментальды кітапхана, жас ғалымдарға арналған 500 орынды жатақхана құрылысы және оқу ғимараттарының ағымдағы жөндеу жұмыстары толықтай жүзеге асырылған. Ал 2014 жылы 25 м. жабық жүзу бассейні, Медициналық кешен, салтанатты қаппа, 1500 орынды жатақхана құрылысы және оқу ғимараттарын күрделі жөндеуден өткізу жоспарланып отыр.

Әйгерім ӘУЕЗХАН



## «РУХАНИЯТТЫҢ ҮШ ТОҒЫСЫ» НЕМЕСЕ «ҮШ ТАҒАН» ТҰҒЫРЛЫ МЕКЕНДЕ БАС ҚОСТЫ

**Қазіргі таңда білім, ғылым және өндірістің тиімді ықпалдастығы туралы көп айтылып жүр. Ал білім, ғылым және сөз өнерінің бірлескен басқосуы 80 жылдық шежірелі мерейтойлардың тұсауын кесті.**

Қазақстан Жазушылар Одағы, «Қазақ әдебиеті» газеті, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 80 жылдық мерейтойларына арналған мерекелік салтанатқа сенатор, Қазақстан Жазушылар Одағы басқармасының төрағасы Н. Оразалин, «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторы Ж.Шаштайұлы, «Қазақ әдебиеті» газеті бас редакторының орынбасары Е. Жаппасұлы, Қазақстан Жазушылар одағы басқармасы төрағасының орынбасары М. Ыбыраев, ақын Ғ.Жайлыбай, «Қаламгер-Media» орталығының директоры Ж.Әшімжан, жазушы Б. Шахан, т.б. ақын-жазушылар қатысты.

Салтанатты ашқан ҚазҰУ ректоры Ғ. Мұтанов бұл кездесуге себепкер болып отырған руханияттың «үш тоғысы» десе, Н.Оразалин «Үш таған» деп ұлттың рухани өміріндегі үш оқиғаны алғаш атап, алғашқы жиынын білімнің тұғырлы мекені болған білім ордасында өткізіп отырғандығына алғыс білдірді. «Сіздер үш рухани орданың мерейтойына арналған салтанатты бірінші рет өткізіп отырсыздар. Космосқа кім ұшпады, алайда сіздер бірінші рет ұшқан Гагарин сияқтысыздар», – деген орынды әзілі студенттер мен оқытушыларды езу тартқызбай қоймады.

Ректор Ғ. Мұтанов қазақ қаламгерлерін біріктіру жолындағы алғашқы қадамнан бастап осы уақытқа дейінгі Жазушылар одағының қилы кезеңдерден өтіп, тәуелсіз Қазақстанның тұғырын нығайтуға күш жұмсап келе жатқандығын ерекше атап өтті. А. Байтұрсыновтың, М. Жұмабаевтың қазақ қаламгерлерінің ұйымын құруға талпынған әрекеттері, осындай бастамалардың нәтижесінде іргесі қаланған одақтың 1937-38 жылдары саяси қуғын-



сүргінге ілінгендігі, соғыс жылдары жазушылардың қуатты сөздерін дұшпанның рухын сындыруға жұмсаған қайраткерлік дәстүрі туралы тебірене баяндады. Одақ басқармасының төрағасы Н. Оразалинге: «Арғы тамыры Асан Қайғы, Шалкиіз, Ақтамберді, Тәттіқара, Досмамбет секілді жыраулардан бастау алып, бергі замандарда Махамбеттермен сабақтаса келе Абай, Шәкәрімдерге ұласқан, одан кейінгі дәуірлерде Мұхтар Әуезов бастаған қарымды қаламгерлерге жалғасқан ақын-жазушылардың қайраткерлік дәстүрі бүгінгі Тәуелсіз мемлекетіміздің шаңырағын биіктету

Жалғасы 2-бетте

### БҮГІНГІ САНДА:

Өңірлік жоо  
оқытушыларына  
арналған семинар-тренинг



3-бет

### БҮГІНГІ САНДА:

“СЕПЗ ҚЫРЛЫ,  
БІР СЫРЛЫ”



4-бет

### БҮГІНГІ САНДА:

БЕССМЕРТНЫЙ  
РОМАН



6-стр.



# ӨҢІРЛІК ЖОО ОҚЫТУШЫЛАРЫНА АРНАЛҒАН СЕМИНАР-ТРЕНИНГ

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, журналистика факультетінде ЮНЕСКО, халықаралық журналистика және қоғаммен байланыс кафедрасының ұйымдастыруымен тұңғыш рет өңірлік ЖОО профессор-оқытушыларына арналған халықаралық деңгейдегі семинар-тренинг өткізілді.

“Бұқаралық коммуникация саласында бәсекеге қабілетті мамандар даярлауда қолданылатын инновациялық әдіс-тәсілдер” тақырыбымен өткізілген тренингтің мақсаты оқытушылардың біліктілігін көтеріп, білімін шыңдау, білім берудің қазіргі заманғы технологияларын қолданудың қыр-сырын үйрету болды. Семинарға Қырғызстан Республикасы Ж. Баласағұн атындағы Қырғыз ұлттық университеті, Л. Гумилев атындағы ЕҰУ, Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ, Шәкәрім атындағы СМУ, Павлодар инновациялық еуразиялық университеті, Қ.А. Ясауи атындағы ХҚТУ профессор-оқытушылар құрамы және т.б. қатысты. Семинар жұмысына Қазақстандағы кәсіби тренерлер тартылды. PR-кеңесші, PR-тренер, Қазақстандағы Sovetnik.ru порталының өкілі Павленко Владимир бұқаралық коммуникация жүйесіндегі

PR, product-placement, life-placement, PR-жобалар туралы тренинг жүргізсе, «Zakon.kz» интернет-порталының бас редакторы Ержан Сүлейменов интернет-журналистиканың жаңа трендтерімен таныстырды. «Мінбер» журналистерді қолдау орталығы жаңа медиа тобының жетекшісі Асхат Еркімбайдың “Жаңа медиа құралдарын журналистиканы оқытуда қолдану” тақырыбындағы тренинг семинар қатысушыларының көңілінен шықты.

ЮНЕСКО, халықаралық журналистика және қоғаммен байланыс кафедрасы философия және саясаттану факультеті жалпы және этникалық педагогика кафедрасымен бірігіп, үстіміздегі жылдың қаңтар айында мектеп мұғалімдеріне оқытудың инновациялық әдістеріне байланысты семинар өткізген болатын. Бұл жолы да аталмыш кафедраның меңгерушісі, педагогика ғылымдарының докторы Әйгерім Мыңбаева мен педагогика ғылымдарының кандидаты Зухра Садвақасованың жоғары оқу орнындағы білім берудің инновациялық әдістері туралы мазмұнды, қызықты тренинг өңірлік ЖОО оқытушыларына пайдалы ақпараттар мен мол мағлұмат



берді.

Семинар жұмысына Германиядан келген журналист, жарнама маманы Хайнц-Берндт Брюссиг қатысып, “Инновация, бизнес және масс-медиа” тақырыбында дәріс оқыса, Стамбул университетінің профессоры Айдемир Окай өзінің білім берудегі қолданатын тәжірибелерімен бөлісті. Халықаралық деңгейде тұңғыш рет өткізіліп отырған семинар-тренинг жұмысын жоғары

бағалап, ризашылық танытқан Қазақстан және Қырғызстан республикаларының ЖОО оқытушылары болашақта да осындай семинар-тренингтер жиі өткізіліп тұрса деген тілектерін білдірді.

**Назгүл ШЫҒЫСОВА,**

ЮНЕСКО, халықаралық журналистика және қоғаммен байланыс кафедрасының меңгерушісі

## БІЛІМ КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

Жуырда ЖОО-ға дейінгі білім беру кафедрасында шетел студенттеріне арналған конференция өтеді. Шараға қазақ диаспорасы өкілдері, Ауған Ислам Республикасының студенттері, колледж, “Бейіндік мектеп” оқушылары қатысты.

Ауған студенттері әр сала, әртүрлі тақырып бойынша баяндама жасады. Мысалы, Карими Адиба: «Әл-Фараби адамзат құрметі үшін интеллект өте қажет нәрсе деп есептейді. Халыққа білім беруді армандады. Ұлы баба ұстаған мұраттың бір парасы мынадай: ғылымның қайнар көзіне ұмтылған адам, өнегелі де жақсы тәрбиеленген болуы керек. Бұзақылық, өтірік, алдаудан аулақ болуы керек», – деді. Ал Райхан Ализада: «Ауғанстан әдебиеті, негізінен пушту және дари (тәжік) тілдерінде дамыған. Дари тіліндегі әдеби дәстүрлердің төркіні X-XIV ғасырда классикаланып, парсы поэзиясына тіреледі. Ауғанстанда қос тілді әдебиеттің дамуы XVI ғасырдан басталды. Ауғанстан жеріндегі сәулет және бейнелеу өнері ескерткіштері 4-3 мың жылдықтарға жатады. Бейнелеу өнерінде миниатюра, әсіресе XV ғасырда белгілі Терет мектебі өте жақсы дамыған», – дей келе, Ауған музыка мәдениетінде пуштун, хазар, белудж сондай-ақ өзбек, тәжік, түркі мен

дәстүрлерге сақталған деректерді келтірді. Мансури Харун “Қазақстан мен Ауғанстан арасындағы достық қатынас” атты мақаласында Қазақстан Республикасы мен Ауған Ислам Республикасындағы дипломатиялық қатынастар 1992 жылы ақпан айында орнатылғанына тоқталды. Салматзада Абдул Рахіб өз еңбегінде: «Қазақтар Ауғанстанға ең алғаш рет XIX ғасырдың соңына қарай көше бастаған. Ресми статикалық есептерде Ауғанстанда 30 мың қазақ бар деп көрсетілген. Ауған жеріне көшіп барған қазақтардың барлығы кіші жүздің Адай және Шөмеке рулары болып келеді. Өз тілін және қазақи салт-дәтүрлерін қатты ұстап, ұмытпаған қазақтар көкпар жарыстарын Ауған жерінде қанат жайдырып, бүгінгі күнде көкпар Ауғанстанда ең атақты ойындардың бірі болып саналады», – деген дерек келтірді. Нәтижесінде студенттер – Карими Адиба, Райхан Ализада, Ахмади Зақрулла, Саламатзада Абдул Ракиб, Мансури Харун, Ибрагим Назири, Джамал Мухаммад диплом және грамоталармен марапатталды.

ЖОО-ға дейінгі білім беру кафедрасының аға оқытушылары:  
**Г.А. МУЛДАГАЛИЕВА,**  
**С.А. НҮСЫПБАЕВА**

## ЖЕҢІСКЕ ТОЛЫ АПТАЛЫҚ

Жақында Алматы қаласы бойынша Француз Альянсы мен қалалық француз тілі оқытушыларының ассоциациясының ұйымдастыруымен «Франкофония апталығы» болып өтті. Апталыққа француз тілін оқитын ЖОО студенттері мен мектеп оқушылары қатысты. Шара аясында “Поэзия”, “Лингвистикалық олимпиада”, “Менің жеке жобам”, “Француз ертегісі және мен” (оқушылар арасындағы сурет конкурсы), “Аймақтық мозаика”, “Қазақстан – Франция 2014” номинациялары бойынша байқаулар ұйымдастырылды. Қатысушылардың білімдерін, еңбектерін, шеберліктерін бағалаған қазылар мүшелері Францияның өкілдері болды: Француз Альянсының директоры Паскаль Виторж, Альянс оқытушылары – Реродо де Жонг Кали, Симон Руай, Алексия

Претер, суретші Алекси Шомар Стрелиц. Бұл апталыққа университетіміздің филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультетінің «Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығының студенттері мен оқытушылары, атап айтқанда, жалпы тіл білімі және шетел филологиясы кафедрасының оқытушысы ф.ғ.к., доцент А.У.Мукаева белсене атсалысты. Жарыс қорытындысы бойынша, жоғарғы оқу орындарының ішінен университетіміздің студенттері алға шығып, жүлделі орындарға ие болды.

Жалпы тіл білімі және шетел филологиясы кафедрасының аға оқытушылары:  
**Н.С. БЕСИРОВА,**  
**А.Ә. КАМЗИНА**

## ТӘЛІМІ МОЛ СҰХБАТ

Жуырда халықаралық қатынастар факультеті, дипломатиялық аударма кафедрасында психолог консультант Құлжабаева Айжан Уәлиханқызымен кездесу өткізілді. «Тәуелділікте және онымен күрес» тақырыбы төңірегінде өрбіген сұхбат барысында студенттер жаңа мәліметтерден мол азық жинады. Наша, темекі, саудаға деген тәуелділіктер, әртүрлі дінге кіріп кету тәуелділіктерінің зияны және онымен қалай және қандай моральдық және материалдық шығынсыз күресу жайында жастарға көптеген пайдалы ақпараттар ұсынылды. Қоғамда болып жатқан түрлі келеңсіздіктердің алдын алу үшін тәуелділіктерден бас тарту керектігі айрықша аталып өтіп, жақын

адамдарының осындай бір зиянды қылықтарға тәуелділіктері болып жатқан жағдайда оған дұрыс жолды таңдауға, моральдық зиян тигізбестен көмек қолын ұсыну керектігі жайлы айтылып, тыңдаушыны ойландырмай қоймады. Студенттердің білмеген сұрақтарына білікті жауап беруге, ойлары мен санасына тәрбиелік мәні мен мағынасы терең ақылдар айтылды. Білім алушылардың көкейіндегі тақырыптан тыс та көптеген сұрақтарды толыққанды жауаптарымен қанағаттандырған Айжан Уәлиханқызына шығармашылық табыстар, іскерлік жетістіктер тілейміз

**Арай ХУРМЕТ**

## “БІЛІМДІ МЫҢДЫ ЖЫҒАР”

ҚазҰУ-дың 80 жылдық мерейтойына орай «Тарихымызды деректану арқылы танық» атты ЖОО студенттері арасында дәстүрлі республикалық зияткерлік сайысы өтті. Бұл сайыстың негізін белгілі деректанушы профессор Қ.М. Атабаев қалаған еді.



Үш турдан тұрған сайыстың қорытынды нәтижесін дүниежүзі тарихы, тарихнама және деректану кафедрасының меңгерушісі, тарих ғылымдарының докторы, профессор Қ.Т. Жұмағұлов жариялады. Биылғы жылы жеңімпаз студенттерге Қамбар Атабаев атындағы шәкіртақы берілді. I дәрежелі диплом мен 25 мың теңге ақшалай сыйлықты ҚазҰУ магистранты Жадыра Мадиева алса, II дәрежелі диплом мен 15 мың теңгені мұрағаттану, құжаттар жүргізу және құжаттамамен қамтамасыз ету

мамандығының 3-курс студенті Жантимуір Кылышбаев, III дәрежелі диплом және 10 мың теңгелей ақшалай сыйлықты 3-курс студенті Сахидиям Апандиева иеленді. Білім сайысы «Аудиовизуалды құжаттар – Қазақстан Республикасы тарихының тарихи дерегі ретінде (1991-2011 жж.)» атты ғылыми жоба аясында өтті.

**Н.К. АЛПЫСБАЕВА,**

дүниежүзі тарихы, тарихнама және деректану кафедрасының доценті, тарих ғылымдарының кандидаты

## «СЕГІЗ ҚЫРЛЫ, БҮР СЫРЛЫ»



**Хаким Абдрахимұлы Суербаев 1939 жылы 27 сәуірде Көкшетау қаласында дүниеге келген. 1959 жылы Ташкент мемлекеттік университетінің химия факультетін «химик-органик» мамандығы бойынша үздік бітіріп шығып, одан кейін Мәскеуде КСРО ҒА-ның Элементорганикалық қосылыстар институтында кандидаттық диссертация қорғаған.**

80-жылдары Қазақстанға қайта оралып, ғылыми-педагогикалық қызметі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде жалғасады. Аға ғылыми қызметкерден бүгінгі таңда профессорлық мінберге көтерілген Х.А. Суербаев – нәзік органикалық синтез, фосфорорганикалық және гетероциклді қосылыстар химиясы, гомогенді металлокомплексі катализ

және мұнай химиясы салаларының ірі маманы. Х.А. Суербаевтың ғылыми зерттеулерінің негізгі нәтижелері нәзік органикалық синтез саласына жатады. Бұл зерттеулер органикалық химия мен мұнай химиясының бірқатар өзекті теориялық мәселелерінің дамуына және осы бағытта туындаған кейбір қолданбалы химия саласының мәселелерін шешуге арналған. Әртүрлі биологиялық активтіліктері және басқа да практикалық құнды қасиеттері бар органикалық қосылыстарды синтездеудің жаңа жолдары жасалған.

Қазақстандағы ғылыми зерттеулердің «Бірқөміртекті молекулалар (CO, CO<sub>2</sub>, CH<sub>4</sub>) негізіндегі органикалық синтездер» тақырыбындағы жаңа бағытын бастап, нәтижелі дамытып келеді. Бұл аталмыш бағыттың жоғары маңыздылығы мен өзектілігі бар екендігін атап өту керек. Көміртек монооксиді, көміртек диоксиді және метанды өнеркәсіптік органикалық синтезде шикізат ретінде қолдану жолдарын іздеу бойынша жүргізілетін ғылыми зерттеулердің көрунемдеу технологиясы мен қоршаған ортаны қорғауда өте үлкен маңызы бар.

Жоғарыда аталған бағытта ғалым шәкірттерімен зерттеу нәтижелері бойынша үлкен жетістіктерге қол жеткізді. «Нововалидол» («Валидол» дәрілік препараттың аналогы), «Корвалол-К» («Корвалол» және «Валокордин» дәрілік препараттарының аналогы) дәрілік препараттарын және «D-Бромизовалериан қышқылының этил эфирі» дәрілік затын алудың жаңа, экологиялық таза тәсілдерін жасау бойынша жүргізілген ғылыми зерттеулер өндірісте қолдануға дайын дәрежеге дейін жүргізілген.

Х.А. Суербаев және оның әріптестерінің дәрілік препараттарды алудың жаңа бәсекеге қабілетті тәсілдерін жасау бойынша істелген ғылыми жұмыстарының Қазақстанның фармацевтикалық индустриясын дамытуда үлкен маңызы бар.



«Нововалидол» дәрілік препаратын өндірудің технологиялық жобасы Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 20 жылдығына орай ұйымдастырылған «әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 20 инновациялық жобасына» енгізілді.

Педагогикалық қызметте мұнай химия, катализ салаларында бакалаврлар мен магистранттарға жоғары методикалық деңгейде дәріс оқып, осы сала бойынша Қазақстанның колледждері мен жоғары оқу орындарында үлкен сұранысқа ие көптеген оқулықтары мен оқу құралдары өз оқырмандарын тапты. 400-ге жуық ғылыми басылымдар, 9 монография, 300-ден астам ғылыми мақалалар, 30-дан астам өнертапқыш еңбектері, 4 оқулық және 40 оқу құралы, алыс шетел Германияның баспасынан шыққан 2 монографиясы жарық көрді.

Оқу-әдістемелік және ғылыми педагогикалық жетістіктері үшін екі мәрте Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің бұйрығымен «Жоғары оқу орындарының үздік оқытушысы» мемлекеттік грантының иегері және екі мәрте Қазақстан

Республикасының ғылымы мен техникасының дамуына зор үлес қосқаны үшін ғалымдар мен мамандарға берілетін мемлекеттік ғылыми стипендиясымен марапатталды.

Профессор Х.А. Суербаев – нағыз «сегіз қырлы, бір сырлы» тұлға. Жаяу, велосипедтік және тау туризмімен айналысып, көп жастарға үлгі болған ғалымның көркемөнер туындыларын айтпай кету мүмкін емес. Бүгінде ол – 200-ден астам көркемөнер шығармаларының (майлы бояу, графика, флористика) авторы. Оның көркемөнер шығармалары Мәскеу, Алматы көркемөнер және декоративті өнер көрмелерінде қойылып көрсетілген.

Құрметті Хаким Абдрахимұлы, Сізге зор денсаулық, отбасыңызға амандық, қызметте табыс тілей отырып, шығармашылығыңыз шарықтай берсін дегім келеді.

**ГҮЛБАНУ ЖАҚСЫЛЫҚОВА,** шәкірті, физикалық химия, катализ және мұнай химиясы кафедрасының аға оқытушысы

## ҰСТАЗЫҢМЕН БІРГЕ ҰСТАЗ БОЛУ ҚАНДАЙ БАҚЫТ!

*Сонау 1996 жылы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың химия факультетін бітірген болатымын. Оқу бітіргеннен кейін, егемендігін алғанына көп бола қоймаған елімізде, сол кездегі жас мамандар секілді көптеген өмір сынақтары кездесті. Ғылыми зерттеу, жобалау институттарында, мұнай өндіру компанияларында мамандығым бойынша әртүрлі қызмет еттім. Биыл осы оқу орнының география және табиғатты пайдалану факультетінің энергоэкология кафедрасына ұстаз болып орналастым. Қуанышымда шек болмады.*

Жұмысқа алғаш келген күні өзіме дәріс берген ұстазым химия ғылымдарының кандидаты, профессор м.а. Төреғожина Жанна Расулқызын көргенде қуанышым екі еселенгендей болды. Тіпті баяғы аңғал студент қалпыма түскендей, балаң сезім биледі. Сол жылдары ол жас ұстаз болатын. Баяғы қоңыр дауысы, байыпты мінезі, күлімсіреген көзі өзгермеген, жүзінен нұр төгілердей. Осында келіп білгенім осынау нәзік жанды, қарапайым қазақ қызының басшылығымен осы кафедраның іргетасы қаланып, ұстаздар іріктеліп, оқу-тәрбиелеу жұмыстары бастау алыпты. Қазіргі таңда география және табиғатты пайдалану факультетінің энергоэкология кафедрасында экологтар мен тіршілік қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау мамандықтары бойынша мамандар дайындап шығарады.

Сонымен бірге, кафедраның жас болғанына (ашылғанына 3 жыл) қарамастан дүние жүзіне ықпалы бар БҰҰ көз тігіп, қолдау көрсетіп отырған бірнеше жобалары бар екен. Тоқтала кетсем, «GREEN CAMPUS» жобасы - қоршаған орта ресурстарын тиімді пайдалану және үнемдеу арқылы қоғамның іс-әрекетінің

қоршаған ортаға теріс әсерін барынша төмендетуге, TEMPUS 2012 I-WEB «Integrating Water cycle management: building capability, capacity and impact in Education and Business» жобасы – әлемдік су айналысын интегралды басқаруға және «Ұрпақтан-ұрпаққа жасыл - көпір» жобасы - халықаралық білім беруге бағытталған.

Кез келген ұжым мүшелерінің қарым-қатынасы, мінезі, салты, еңбек ету қарқыны басшысынан нәр алып, қалыптасатын болу керек. Осы ұжымға келіп байқағаным, ұстаздардың бәрі білікті, кішіпейіл, адал, еңбекқор жандар екен.

Аяулы ұстазым, Жанна Расулқызы! Өнегелі өміріңізден үлгі, ұлағатты сөздеріңізден нәр алып, сіздің шәкіртіңіз болғанымды мақтан тұта отырып, алдыңызда басымды иемін. Ұстазыңмен бірге ұстаз болу үлкен бақыт екен, сонымен бірге екі есе жауапкершілік артатындығын түсінемін. Осындай сәттер өмірдің тағы да бір қырынан көрінетін мәні болса керек.

**Гүлбану Мыңжасарова,** т.ғ.к., оқытушы

## «ЖАНЫҢДА ЖҮР ЖАҚСЫ АДАМ...»

*Жуырда әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың 80 жылдық мерейтойына орай дипломатиялық аударма кафедрасы эдвайзерлерінің ұйымдастыруымен «Жаныңда жүр жақсы адам...» атты ардагер-ұстаздармен лирикалық кездесу кеші өтті. Кездесу ҚазҰУ-да қырық жылдан бері ұстаздық еңбек етіп келе жатқан дипломатиялық аударма кафедрасының майталман ұстаздары Сүлейменова Гүлсім Сейлханқызы мен Мәкішева Мәрияш Қайдауылқызына арналды.*



Кеш еңбек ардагерлерінің еңбек жолын таныстыруымен ашылды. Сүлейменова Гүлсім Сейлханқызы мен Мәкішева Мәрияш Қайдауылқызы өмір және еңбек жолында кездескен қызықты оқиғаларымен бөлісті. Патриоттық тәрбие, ұлттық намыс, ұлттық сана-сезім, рухани байлық тақырыбына мәселелер қозғалды және студенттердің түрлі сұрақтарына жауап берді.

Бүгінгі жас ұрпақ – рухани дүниесі бай, интеллект деңгейі жоғары, білімді де білікті жаһандану заманына сай болуы шарт. Кездесуде ұстаздар жастарға осыны айтты. Сонымен қатар олар ғасырлар бойы халқымыздың ұрпағын ізгілікке, тектілікке, өз елін сүйге баулап келе жатқанына тоқталды. Бұл берік қалыптасқан дәстүрлі ұлттық тәрбиенің өзегі, дінге екендігі тілге тиек болды. «Атаның ұлы болма, адамның ұлы бол» дей келіп, адамның ұлы болу үшін кісіге «нұрлы ақыл, ыстық қайрат, жылы жүрек» керектігін ұлы Абай да жеріне жеткізе өсиет етіп кетті. А.Байтұрсынов: «Атадан балаға мирас болып екі-ақ нәрсе қалады, бірінші – бәй тілі, екінші – байтақ жері», – деген болатын. Қазақстанның білім және ғылым қызметкерлерінің

II съезінде ел Президенті Нұрсұлтан Назарбаев: «Балаларды Отанды, туған жерді, өзінің халқын сүйге тәрбиелеу – ұстаздың аса маңызды, аса жауапты да қадірменді парызы» – деген еді.

Бұл кездесудің өскелең ұрпаққа берері мол болды. Тыңдарман қауым толқи сөйлеген ардагер ұстаздардың өсиет аңгімелерін тамсана тыңдады. Кездесу соңында еңбек ардагерлері ізгі тілектерін айта келе, былай деп қорытындылады:

Сүлейменова Гүлсім Сейлханқызы: «Қазіргі таңда мені қатты ойлантатын мәселе – ана тіліміз. Сіздер, жастар, ана тілді аялап, сыйлап, бағалай білулеріңіз керек!».

Мәкішева Мәрияш Қайдауылқызы: «Менің замандастарым болаттай берік ұрпақ еді. Зауыттар салып немесе онда жұмыс істегендіктен емес. Ол ұрпақ алғыр, қайсар, мақсаткер еді. Дәл осы қасиеттер бізге барлық сынақтар мен қиындықтарды жеңуге көмектесті. Сіздердің де қайсар әрі алғыр болғандарыңызды қалаймын».

**М. ЖАМБЫЛҚЫЗЫ,** дипломатиялық аударма кафедрасының аға оқытушысы

# ТӘРБИЕСІЗ БЕРІЛГЕН БІЛІМ – АДАМЗАТТЫҢ ҚАС ЖАУЫ

*Әбу Насыр әл-Фарабидің осы бір қанатты сөзі қасиетті қара шаңырағымыздың философия және саясаттану факультетінде «Кіші Фараби академиясының» ұйымдастыруымен, танымал фарабитанушы ғалым А.Х. Қасымжанов атындағы дәріханада әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың 80 жылдық мерейтойы және Қазақстандағы философиялық білім берудің 65 жылдығына арналған «Әл-Фараби - білім мен тәрбиенің үйлесімділігі» тақырыбында өткен халықаралық дөңгелек үстел мәжілісінің өзегінде жатты.*



Дөңгелек үстел талқысына: әл-Фараби – білім мен тәрбиенің үйлесімділігі жөнінде; әл-Фарабидің бақыт туралы ілімі; әл-Фараби және заманауи ғылым мен қоғам болмысы; әл-Фараби философиясы не заманауи философияның оқытудың өзекті мәселелері; Қазақстандық философияның қалыптасуы мен дамуы секілді тақырыптар іріктелініп алынды. Пікірталаста сөз алған Улудаг университеті дінтану факультетінің деканы, фарабитанушы – ғалым, профессор Яшар Айдынды (Түркия)

«Қазіргі заманғы фарабитанудың өзекті мәселелері» атты тақырыпта баяндама жасап, онда білім алуда тәрбиенің маңызы ерекше екендігіне мән берді. Тәрбиесіз білім болмайтындығына баса назар аударды. Сондай-ақ философия ғылымдарының докторы, профессор ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты директорының орынбасары С.Е. Нұрмұратов «Әл-Фараби дүниетанымындағы рухани құндылықтар» тақырыбында баяндама жасай келе, бірнеше философиялық идеялар

төңірегінде ой қозғады. Сөз соңында әл-Фарабидің рухани құндылықтарын зерттеумен қатар біз оны жастарға насихаттауымыз керектігін тілге тиек етті.

Әл-Фарабидің «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары» еңбегіне сілтеме жасай отырып, білім мен тәрбиенің үйлесімдігіне баса назар аударды. Қайырымды қала және қайырымсыз қала тұрғындарының өзара қатынасын мысал ретінде келтіріп, тәрбиесіз берілген білім мен ғылым өскелең ұрпақты ұшпаққа жеткізбейді» деп сөзін түйіндеді.

«Кіші Фараби академиясының» дөңгелек үстел мәжілісінің екінші бөлімі студенттер арасында «Алтын сапа» дебат клубының «ақылды қала қандай болу керек?», «Al-Farabi University - Smart City» тақырыбында пікірсайыс форматында өткізілді. Бұл пікірсайысқа университеттің философия және саясаттану, филология, әдебиеттану және әлем тілдері, журналистика және шығыстану факультеттерінің студенттері белсенді қатысып, пікірсайыстың көрігін қыздыра түсті. Пікірсайысқа қатысушылардың барлығы «Al-Farabi University - Smart City» ғылыми-инновациялық жобасын жетік түсініп, оған өзіндік көзқарастарын қалыптастырып, жақсы дайындықпен келгендігін аңғартты.

Философия кафедрасы,  
«Кіші Фараби академиясының»  
жетекшілері:  
**Лесхан АСҚАР,**  
**Пірімбек СУЛЕЙМЕНОВ**

## «ЕРІКТІЛЕР МЕКТЕБІ»

Жақында ҚазҰУ-да республикалық «Еріктілер мектебі» жобасының тұсаукесері өтті.

Бостандық ауданының «Жас Отан» ЖҚ кеңейтілген жиналысында өткен «Еріктілер мектебі» жобасының тұсаукесеріне партия мүшелерімен қатар Алматы қаласының белсенді студенттері де қатысты.

Презентацияның алдында Бостандық ауданының «Жас Отан» жастар қанатының атқарушы хатшысы Каримова Динара «Нұр Отан» партиясы мен «Жас Отан» ЖҚ-ның тарихымен таныстырып өтті. Партияның мақсаттары мен жетістіктеріне тоқталды. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ «Жас Отан» ЖҚ-ның атқарушы хатшысы Арубаев Дәурен жүзеге асырылған жобалар мен болашақта көзделіп отырған мақсаттарды түсіндірді. Презентацияны ҚазҰУ «Жас Отан» ЖҚ-ның белді мүшелері Аман Ербол мен Нұрмұхаммед Құндыз өткізді. Олар «Еріктілер мектебі» жобасының мақсаты мен өзектілігін талдап, тренинг-сабақтардың тақырыбымен болашақ ЕХРО-2017 еріктілерін таныстырды.

«Еріктілер мектебі» жобасының мақсаты – ЕХРО-2017 көрмесіне арнайы дайындалған, білікті еріктілерді дайындау. Олар тек қана осы көрмеде ғана емес, басқа да халықаралық жобаларға қатысады.

Бұл жоба бірнеше өзара байланысты тренинг-сабақтардан тұрады. Тренингтер әркімге қажетті «Time-менеджмент», «Teambuilding», «Қазақстан тарихы ағылшын тілінде», «Қазақтың салт-дәстүрі мен мәдениетін ағылшын тілінде түсіндіру» тақырыптарында өткізіледі. Тренингтерді тәжірибелі, үлкен жобалармен жұмыс істеген тұлғалар жүргізеді.

ҚазҰУ жастар ұйымдары комитетінің Бостандық ауданының «Жас Отан» жастар қанатына арнап дайындаған рух көтеруші видео-презентациясы студенттер мен қонақтардың көңілінен шықты. Оған қоса Нұрлан Әбдіқадіровтың патриоттық тақырыпқа арналған тренингі алдыда өтетін тренинг-сабақтарға еріктілердің белсенді қатысуына стимул болды.

«Жас Отан» ЖҚ мүшесі  
**Жанса Оспанова**

# В ТРЕНДЕ МИРОВОЙ НАУКИ

*В Послании народу Казахстана Глава Государства Н.А. Назарбаев в числе главных приоритетов, стоящих перед страной, назвал создание наукоемкой экономики, которая будет способствовать повышению потенциала казахстанской науки. Очевидно, что решение поставленных задач конкретным коллективом возможно лишь при наличии ряда составляющих: квалифицированных кадров, материальной базы, четкого стратегического плана развития, высочайшего уровня научных исследований, преемственности поколений, соответствия проводимых исследований запросам реального сектора экономики.*

Созданная 80 лет назад на базе химического факультета тогда еще КазГУ, кафедра общей и неорганической химии воплотила в себя лучшие традиции химического образования Казахстана и огромный научный опыт в области общей и неорганической химии. Многие десятилетия кафедра готовит высококвалифицированных специалистов для самых различных отраслей народного хозяйства нашей республики. Кафедрой в разное время заведовали именитые ученые, в числе которых академик А.Б. Бектуров и член-корреспондент АН КазССР Б.А. Беремжанов, оказавшие огромное влияние на развитие химического образования и науки Казахстана.

Сегодня кафедра общей и неорганической химии КазНУ – это динамично развивающаяся научно-образовательная структура, представляющая собой сочетание молодости и опыта в лице докторов и кандидатов наук, специалистов высокой квалификации. Свою миссию кафедра видит в нескольких направлениях. Во-первых, это подготовка грамотных компетентных молодых людей для химической и смежных с ней отраслей промышленности, а также научных и образовательных организаций. Во-вторых, это проведение научных исследований на высоком уровне с обязательной публикацией наиболее важных результатов в рейтинговых изданиях. И, в-третьих, это содействие в решении проблем научно-технического плана конкретных предприятий в

рамках выполнения хоздоговорных работ. Несмотря на кажущиеся различия в вышеперечисленных задачах, они могут быть успешно решены лишь комплексно. Иначе говоря, качественная подготовка специалистов в университете может иметь место лишь при наличии научной составляющей, а проведение конкурентоспособных на мировом научном рынке исследований возможно при участии талантливых молодых людей.

Научная деятельность любого подразделения, в том числе и кафедры университета, в первую очередь, должна быть направлена на решение актуальных вопросов, стоящих перед страной. Одной из таких проблем в Казахстане считается загрязнение окружающей среды радиоактивными веществами. Не секрет, что наличие в нашей стране крупнейшего в мире Семипалатинского испытательного полигона оказало негативное влияние на радиоэкологическую обстановку в регионе. Кроме того, Казахстан относится к числу крупнейших в мире экспортеров урана, что связано со значительными объемами его добычи. В то же время многие аспекты влияния радионуклидного загрязнения на окружающую среду и человека до сих пор мало исследованы. А получение независимости Казахстаном, отказ от ядерного вооружения и создание на территории Казахстана безъядерной зоны позволили открыть доступ ученым и специалистам разных стран для совместного изучения последствий ядерного и уранового наследия бывшего СССР.

В этих условиях под руководством

члена-корреспондента НАН РК, профессора М.М. Буркитбаева начинается развиваться новое научно-прикладное направление – радиационная экология и радиохимия, которые не были развиты в университетах Казахстана из-за секретности в этой области знаний. На средства международных грантов на кафедре создана современная радиоэкологическая лаборатория – одна из лучших в стране, оснащенная дорогостоящими ядерно-физическими приборами и оборудованием последнего поколения. Признание лаборатория получила в 2011 году, объявленном ЮНЕСКО годом Марии Склодовской-Кюри, когда лаборатория было присвоено имя этой выдающейся ученой. Сегодня материально-техническая база лаборатории используется как для научных целей, так и при подготовке собственных квалифицированных кадров, востребованных в стране в связи с приоритетным развитием ядерных и химических технологий.

В 2012 году сотрудники лаборатории выиграли международный проект по коммерциализации технологий, финансируемый Всемирным банком и МОН РК. Непременным условием конкурса являлось наличие у заявителей проектов четко разработанной стратегии коммерциализации результатов исследований. Ученые-химики для этой цели создали Центр по оказанию услуг для повышения квалификации работников урановой промышленности и аналитическому сопровождению технологических работ.

За истекший год с начала реализации проекта достигнут ряд важных результатов в организационном и научном планах. Проведены республиканские семинары, в том числе с участием представителей международного агентства по атомной энергии (МАГАТЭ), а также работников урановой промышленности. Получен ряд важных научных результатов по изотопному фракционированию при кислотном

выщелачивании ураносодержащих минералов. Дорогостоящее аналитическое измерительное оборудование, приобретенное в рамках проекта, намного расширило научно-прикладные возможности лаборатории, и в частности, предоставила возможность проводить исследования в области химии редкоземельных элементов. Кроме того, в планах группы – создание математической модели изотопного фракционирования урана, методик определения урана и оценки воздействия загрязнения на окружающую среду. Ожидается, что разрабатываемые в проекте инновационные технологии войдут в число широко используемых инструментов в урановой отрасли.

Высокий уровень научных исследований сотрудников лаборатории подтверждается наличием публикаций в рейтинговых международных журналах. Только за последние два года опубликовано более 10 статей в журналах, входящих в базу Thomson Reuters. Одной из отличительных особенностей радиоэкологической лаборатории кафедры общей и неорганической химии КазНУ является успешная передача опыта молодому поколению. Талантливые студенты, магистранты и докторанты кафедры являются полноправными участниками научных проектов, в том числе и международных, регулярно повышают свою квалификацию в зарубежных научных центрах. Они с энтузиазмом включились в реализацию брендовых проектов КазНУ по Зеленой химии, Устойчивому развитию и т.д. Научно-образовательная деятельность кафедры полностью согласуется с идеологией, инициированной в университете ректором Г.Мутановым, инновационного проекта «AL-FARABI UNIVERSITY SMART CITY».

**Б.М. УРАЛБЕКОВ,**  
заведующий кафедрой общей и неорганической химии

В КазНУ проходит конференция «Гармонизация социального и трудового законодательства в сфере защиты прав, свобод и интересов граждан в условиях ЕвразЭС: теория, практика и возможности»






Нұрбол МҰРАТБЕКУЛЫ

1996 жылы 28 желтоқсанда ҚХР ШҰАР Санжы қаласында қарапайым малшы отбасында өмір есігін ашқан, ес білгеннен атажұрттың ауасын, тауы мен тасын, өзені мен көлін аңсаған жас 2012 жылы Қытайдағы оқуын бітіргеннен кейін жыл аунатбай ата-анасынан алыстап елге оралды. Қазіргі таңда ол әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Жоғарғы оқу орнына дейінгі білім беру факультетінде білім алып жатыр.

■ АТАМЕКЕН



© Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ



© Табиғат ТӨЛЕГЕНТЕГІ



© Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ

МЕН ЖАСТАРҒА СЕНЕМІН!

Оқып, білім алатын,  
Қанатын кең жаятын.  
Бар ғылымды үйреніп,  
От деп лаулап жанатын.  
Мен жастарға сенемін!

Көк пен жерді меңгерген,  
Әдеп сақтап жол берген.  
Қазақ халқы қашанда,  
Мақтанады сендермен,  
Мен жастарға сенемін!

Өмір - өзен ағатын,  
Жақсы өнеге алатын.  
Оқу оқып үйреніп,  
Келешекке жол салатын,  
Мен жастарға сенемін!

Қазақ деген ханымыз,  
Арман қуған бәріміз.  
Қиындықты жоятын,  
Жастар - болашағымыз,  
Мен жастарға сенемін!

Ашық болса аспаның,  
Жоғары өрлеп тастарың.  
Қазақ елін көркейткен,  
Аман болсын жастарың,  
Мен жастарға сенемін!

**Зәбира ӘБДИМАНАПҚЫЗЫ,**  
жылуфизика  
және техникалық физика  
кафедрасының 1-курс студенті

НЕМІС ПОЭЗИЯСЫ – ҚАЗАҚ ҮНІНДЕ!

География және табиғаттану факультетінің "метеорология" мамандығының 2-курс студенті Ұлбосын Абдуллақызы бала кезінен қазақ және шет ел поэзиясына жақын болып өсті. Ол көптеген жазушылардың және ақындардың шығармаларын күні-түні ерінбей оқып, өзіне сол шығармалардан шабыт алып, өмірдегі арман-мақсаттарын ұштастыра білетін. Ол басқа ғылым саласына бет бұрса да, университетіміздің шығармашылық жұмыстарына белсене араласып, «100 кітап», «Айналанды нұрландыр!» жобаларының биіктерден көрінуі үшін өз үлесін қосуда. Оның сүйікті ақындары – Абай Құнанбаев, Мұқағали Мақатаев, Сәбит Мұқанов, Фариза Оңғарсынова және тағы да басқа шоқтығы биік қазақ ақындары. Осы ақындардың шығармаларын ол сүйіспеншілікпен оқиды. Сонымен қатар, Ұлбосын сезімге толы неміс ақындарының шығармашылығына да қызығушылығын танытады. Соның бірі, неміс халқының біртуар ақыны - Генрих Гейне. Ұлбосын Генрих Гейненің көптеген шығармасымен танысып, өзі оқып қана қоймай көпшілікпен бөлісу мақсатында, ақынның шуақты көктем туралы өлеңін қазақ тілінде көрерменге жеткізуге тырыстық.

Мамырдың тамаша күндері – ай!

Бар әлем сүйіп ұнатқан,  
Талдардан бүршік, гүл атқан.  
Мамырдың тамаша күндері-ай,  
Махаббат отын тұтатқан.  
Әуені кетпес құлақтан,  
Құстарға әнін жырлатқан.  
Мамырдың тамаша күндері – ай,  
Тілек пен арман ұштасқан.

Көктемнің керемет түндері!  
Көктемнің керемет түндері,  
Жұбата маған қарайды.  
Мұңды еткен махаббат күндері,  
Қайта қуанта бастайды!  
Жасыл әлемді тербетіп,  
Филомеле ән салады,  
Жүрегімде жыр тұнып,  
Махаббат оты жанады!

**К. ЖИРЕНШИНА**  
жаратылыстану факультеттерінің шет  
тілдері кафедрасының аға оқытушысы

Қазақтың болам баласы

Қазағым деп, халқым деп шаттанамын,  
Абай ата жырларын жаттағанмын.  
Өркенді ұл, өнегелі қыз өсірген,  
Қоңыр халқым сен үшін мақтанамын.

Жол алған ізгіліктің бұлағынан,  
Айналайын халқымның ән-жырынан.  
Саған деген мейір мен тілегімді,  
Жүрегіме өмірлік мұра қылам.

Еш жауыздық, еш қулықты білмейтін,  
Келеңсізге пәк жүрегі кірлейтін.  
Мен қазақтың баласымын, қазақпын,  
Жамандыққа, жауыздыққа ермейтін.

Қырмызы әсем аласы мен дарасы,  
Қарт бабадай тұлғасы өр дарасы.  
Қойдан қоңыр, жылқыдан да үйірсек,  
Мен қазақтың қара қоңыр баласы.

Әспеттеген айтысы мен таңы атқан,  
Күллі әлемді қызыл тілмен қаратқан.  
Мен қазақтың қара қоңыр баласы,  
Қара сөзін жүрегінен боратқан.

Атамұра салтым үшін мақтанам,  
Берекелі халқым барда шаттанам.  
Дәуірімнің шуағына нұр еккен,  
Қазақ болып туғанымға мақтанам.

Атажұрттағы ой

Көк белесте құт іздеген арланмын,  
Жүрегіңде тулап аққан арман - мұң.  
Қадам бастым қаламшасы болмаққа,  
Ата қоныс бақ дарыған ордамның.

Ата қоныс бізге мақтан, бақ қоныс.  
Жер шарынан іздемеймін басқа өріс.  
Атажұртта ұлтан болып кетсем де,  
Соның өзі дәл мен үшін мақтаныш.

Атажұртқа жол тартқанда кімде-кім,  
Еске алар нақ тарих іздерін.  
Қанды тарих тасқа жазған тізбегін,  
Кешегі өткен «қайың сауған, алқа көл».  
Көргендеймін сол сұлама сүрдегін.  
Өзегіме тамырлы өксік орын ап,  
О, атажұрт, белдеріңнен іздедім.

Келіп кеше қан көшеден өткенде,  
Бір сырлы ой туылған еді көп менде.  
Өз елім деп өріс іздеп келгенмін,  
Бұдан басқа ешбір талап жоқ менде.

О, ата жұрт! Ойға түстім мен талай,  
Сәбилігім содан артқан марқалай.  
Құт мекенді құлай сүйген үшін де,  
Келдім, міне, ұлы арман арқалай.

Сәби кезім батысқа сан қараймын,  
Күйін естіп күй таспадан адайдың.  
Жидебайда жүргендей боп қалдуым,  
Романың оқығанда Абайдың.

Сол сарынды ойлай-ойлай мұң кешем,  
Дәм тартты да мұнда келді пешенем.  
Ұлы Абайды көргендей боп марқайдым,  
Жүргенімде Абай атты көшемен.

Сүрдек тарих, шұбап ойда із қалың,  
Топырағында ойға батып мызғайдым.  
Сезінгендей болдым содан кешегі,  
Жүрек – қанжар желтоқсанның ызғарын.

Атажұртым азаматпын от кеуде,  
Ант ішейін құшағыңнан кетпеуге.  
Мейлі қандай күй кешсе де өмірден,  
Атажұртын ұмыта алмас еш пенде.

Күн кешсем де ел ішінде иірім,  
Атажұрт деп бұрылушы еді бүйірім.  
Адасқан бір құлын келіп қосылды,  
Қайта тауып мекені мен үйірім.

Осы ойымды құт мекенге беттетіп,  
Алмасам да жер шарынан еш несіп.  
Ата жұртым, елім үшін, ұлт үшін,  
Берсем де кем өз денемнен ет кесіп.

Келдім, міне, білім алдым ордадан,  
Болашағым деп тұрғандай зор болам.  
Айтқанымдай болды, міне, кешегі,  
Сағынышым жүрегімді торлаған.  
Құлыныңның ақ сәлемін қабыл ал,  
Туған елім тек өзіңе арнаған.

Арман көшім бұлдырайды алда сан,  
Отан, сені жүрегіме орнатам.  
Атым өшсін уәдем сол, атажұрт,  
Көк туыңа тамшыдай тер қоспасам.

**К.Р. ЕМБЕРГЕНОВА,**

ЖОО-ға дейінгі  
білім беру факультеті ЖОО-ға дейінгі  
дайындық кафедрасының  
аға оқытушысы

# ҚАЗҰУ - КЕДЕРГІСІЗ ӨМІР МЕКЕНІ

*Жақында ҚазҰУ биология және биотехнология факультеті дене тәрбиесі және спорт кафедрасы ұжымының ұйымдастыруымен еліміздегі жоғарғы оқу орындары арасында алғаш рет университетіміздің 80 жылдығына арналып халықаралық ұйымдардың қатысуымен «Жоғарғы оқу орындарында кәсіптік білім алу барысында мүмкіндіктері шектеулі және мүгедек студенттердің интеллектуалды және жеке бастарының дене қабілеттерін жетілдірудегі бейімдеуде дене тәрбиесі мен спорттың ролі мен орны» атты Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясы өтті.*

Конференция жұмысына коррекциялық педагогика ұлттық ғылыми-тәжірибелік орталығының педагог мамандары, «Мүмкіндігі шектеулі жандардың «Жігер» жастар ұйымы» қоғамдық бірлестігінің өкілдері, Алматы қалалық №1 психология – медицина – педагогикалық кеңес беру мекемесінің дәрігер жетекші мамандары қатысып, өздерінің кәсіби

тәжірибелерімен бөлісті. Аталған конференцияға ҚазҰУ, ЕҰУ, ҚазҰПУ, ҚазҰТУ, ҚазТЖКА, ТарМУ, ҚарПК сонымен қатар, ресейлік Мәскеу мемлекеттік жол қатынастары университеті, Волгоград мемлекеттік аграрлық университеті, Череповец мемлекеттік университетінің оқытушылары мен студенттері қатысты. Конференцияның пленарлық мәжілісінде

биология және биотехнология факультетінің деканы, б.ғ.д., профессор Т.М. Шалахметова қатысушыларға кіріспе сөзін арнап, ал дене тәрбиесі және спорт кафедрасының меңгерушісі, профессор А.И. Арещенко аталған бағытта ҚазҰУ қабырғасында жасалынып жатқан және келешекте қолға алынғалы отырған іс-шараларға шолу жасап өтті. «Мүмкіндігі шектеулі жандардың «Жігер» жастар ұйымы» қоғамдық бірлестігінің президенті П.А. Юсупджанов өз баяндамасында қазіргі қоғамдағы мүмкіндіктері шектеулі және мүгедек жастарда кезігетін өзекті мәселелер туралы түсірілген бейнебаянды көрсетті.

Конференция мүмкіндігі шектеулі

жандардың қоғамға бейімделуі және олардың кедергісіз ортада өмір сүруге, жоғарғы оқу орындарында бейімделуі дене тәрбиесімен және спортпен айналысуға жасалынып жатқан іс-әрекеттердің маңызы мен қазіргі мәні жайлы өзекті мәселелерді қамтыды. Конференция жұмысы барысында жасалынған баяндамалардың барлығы дерлік қатысушылар арасында үлкен қызығушылық туындатып, серт фикаттармен марапатталды.

**Жанна САБЫРБЕК,**

PhD, ғылыми инновациялық жұмыс және халықаралықаралық байланыс бойынша кафедра меңгерушісінің орынбасары

## ФЕСТИВАЛЬ АЭРОБИКИ



Танец – ритм чувствительности и блаженства. Танцует, человек открывает для себя новый мир, мир иллюзии и волшебства танцевальных действий. Точно так же студенты университета КазНУ ведут пропаганду здорового образа жизни. Они заключаются именно в танцах. В связи с этим ежегодно проходит открытый городской фестиваль по аэробике среди студентов, который в этом году был посвящен 80-летию университета. В Фестивале аэробики, который прошел недавно в спортивном комплексе КазНУ, приняли участие более 30 команд. Из них 3 команды-приглашенные команды других вузов г. Алматы. А именно, КазНМУ им. Асфендиярова, КазГосЖенПУ, КазНАУ. В показательных выступлениях принимали участие абсолютные чемпионы Казахстана по чарлидингу.

Соревнование проходило по 5 номинациям: спортивная аэробика, степ-аэробика, танцевальная аэробика, в стиле народные, современные танцы и танцы в стиле латино.

В номинации спортивная аэробика места распределились следующим образом: 1-место заняла команда «Авинтура» ВШЭИБ КазНУ, 1 курс. 2-место присудили команде КазНМУ имени А.Д. Асфендиярова. 3-место взяла команда «Флоренс» факультета биологии и биотехнологии КазНУ, 2 курс. В следующей номинации степ-аэробика: 1-место - сборная команда «Жур-Эк» факультета журналистики и ВШЭИБ КазНУ, 2 курс.


2-место - команда КазГосЖенПУ. 3-место - команда «Butterfly» ВШЭИБ КазНУ, 1 курс. В номинации народные танцы победила команда «Bellissimo» факультета химии и химической технологии КазНУ, 1 курс. 2-место - команда «Ұлы-Тау» факультета филологии, литературоведения и мировых языков КазНУ, 1 курс. 3-место - команда «Звезды КазНУ» юридического факультета, 1 курс. В номинации современные танцы победила сборная команда ФМО и факультета востоковедения КазНУ «Black and White». 2-место - сборная команда ВШЭИБ КазНУ «Chekmate». 3-место - команда КазГосЖенПУ. В номинации латино победила команда «Expression» факультета географии и природопользования КазНУ, 2 курс. 2-место - команда «Фиерия» факультет географии факультета географии и природопользования КазНУ, 1 курс. 3-место - сборная команда ВШЭИБ «Chekmate».

Кафедра физвоспитания и спорта благодарит студенческий профком «Сұңқар» за оказанную спонсорскую помощь. Хотелось бы отметить слаженную работу преподавателей кафедры физического воспитания и спорта, а так же Ассоциацию Фитнес Аэробики г. Алматы за помощь в судействе соревнований.

**О.П. ЛАРИОНОВА,**

ст. преподаватель кафедры физвоспитания и спорта

## ■ БАЙҚАУ



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті журналистика факультеті баспа ісі және дизайн кафедрасының ұйымдастыруымен, Алматы қалалық әкімдігінің және республикалық ақпарат құралдары мен Қазақстан баспагерлері мен полиграфистер қауымдастығының қолдауымен мектеп және колледж оқушылары арасында Республикалық «**БОЛАШАҚ БАСПАҒЕР-РЕДАКТОР**» байқауын өткізбек.

**Байқаудың ережесі төмендегідей:**

**БАЙҚАУДЫҢ МАҚСАТЫ:**  
-мектеп оқушыларына кәсіби бағдар беру;  
-талапкердің баспагерлік, редакторлық, дизайнерлік қабілетін анықтау;  
-дарынды балаларға қолдау көрсету;  
-«Баспа ісі» және «Дизайн» мамандықтарына қызығушылықтарын ояту.

**БАЙҚАУДЫҢ ШАРТТАРЫ:**  
-Байқауға мектептер мен колледждерде оқитын барлық оқушылар қатыса алады.

**ҚАТЫСУШЫЛАР ҮШ СЫНАҚ БОЙЫНША ЖАРЫСҚА ТҮСЕДІ:**

1.Әдеби-замансөздік сынақ синтезі (критерийі):  
- таңдалған шығарманың мазмұнын яғни тақырыбы мен идеясын ашуы;  
-шығарманың пішінін, яғни композициясы, сюжеті, тілі, стилін дұрыс құра білуі;  
-грамматикалық, стилистикалық, пунктуациялық сауатының жоғары болуы.

2.Безендік (дизайн) сынақ синтезі:  
-шығарманың мазмұнын аша білуі;  
-бояулардың үйлесімін таба білуі;  
-жазу, сызу және бояу тәсілдерін үйлестіре білуі;  
-жаңашылдық.  
3.Редакторлық-түзеткерлік сынақ синтезі:  
-сөйлемнің стилистикалық құрылымын дұрыстау;  
-грамматикалық сауат;  
-пунктуациялық сауат.

**Байқаудың өтетін мезгілі:**  
2014 жыл, 17 мамыр.

**Байқаудың өтетін орны:** әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің журналистика факультеті 3-зал.

**ЖЕҢІМПАЗДАРДЫ МАРАПАТТАУ:**

1.Ең үздік деп танылған жеңімпаздар егер «5B042200 баспа ісі» мамандығы бойынша оқуға түссе, бір жылдық шәкіртақыға ие болады.

2.Бір жылдық шәкіртақы иеленген жеңімпаз оқуға «Баспа ісі» мамандығы бойынша оқуға түспесе, ол шәкіртақы оқып жүрген үздік студентке беріледі.

3.Қатысушыларға және олардың жетекшілеріне байқауға қатысқаны жөнінде сертификат беріледі.

**Ұйымдастыру комитеті**  
Байқауға қатысушы өзі жайлы мәліметтерді мына мекенжайға 10 мамырға дейін жіберуі керек. ndanaeva@mail.ru

**Байланыс телефондары:**  
377-33-40 (ішкі: 1348);  
8 702 1861-15 66 **Нұрлыайым ДАНАЕВА**

**ҚҰРЫЛТАЙШЫ:**

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты

**РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:**

Бас редактор – Саягүл ӘЛІМБЕКОВА  
Жауапты хатшы – Дариға АМАНГЕЛЬДИЕВА  
Тілшілер: Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА, Ақмарал ҚУАНЫШЕВА  
Дизайнер – Досжан БАЛАБЕКУЛЫ  
Корректорлар: Гүлжан РҮСТЕМБЕКОВА, Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА

**МЕКЕНЖАЙЫ:**

050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.  
Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 11-94, тікелей: 377-31-48.  
Электронды мекенжай: kazuniver-gazeti@mail.ru  
Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді.  
"Гамма-принт" баспаханасында (Райымбек даңғылы, 369) басылды.  
Тел.: 8 (727) 247-98-30, 247-98-31

Бағасы келісім бойынша. Таралымы 1000 дана. Тапсырыс № 537

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.